

Қазақстан Республикасының Парламенті

Қазақстан Республикасының  
Конституциялық заңы 1999 жылғы  
6 мамыр N 379

Парламент Республики Казахстан

## Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының  
Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2688 конституциялық заң күші  
бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж.,  
N 23, 145-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж, N 4,  
44-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Тақырып пен кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы

Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясына  
сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретін, ұйымдастырылуы мен  
қызметінің тәртібін белгілейді."

2. 2-баптағы, 11-баптың 1-тармағындағы, 27-баптағы "осы Жарлықтың",  
"осы Жарлықта", "Осы Жарлық" деген сөздер тиісінше "осы Конституциялық  
заңның", "осы Конституциялық заңда", "Осы Конституциялық заң" деген  
сөздермен ауыстырылсын.

3. 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылуы, құрылымы және  
құрамы

1. Үкіметті Республика Президенті Қазақстан Республикасының  
Конституциясында көзделген тәртіппен құрады.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты  
құжатқа сілтеу QR-коды

2. Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныстарды Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін он күн мерзімде Республика Премьер-Министрі Республика Президентіне енгізеді.

3. Үкіметтің құрылымын министрліктер және өзге де орталық атқарушы органдар құрайды.

4. Үкіметтің құрамына Үкімет мүшелері - Республиканың Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер және Республиканың өзге де лауазымды адамдары кіреді."

4. Мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:

"3-1-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшесінің ант беруі Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі Қазақстан халқына және Президентіне мынадай мазмұнда ант береді:

"Қазақстан Республикасының халқы мен Президенті алдында өз Отаным - Қазақстан Республикасының экономикалық және рухани даму ісіне барлық күш-жігерім мен білімімді жұмсауға, мемлекеттің Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, өзімнің барлық іс-әрекетімде заңдылық пен әділеттік, азаматтық және ұлтаралық татулық принциптерін ұстануға, Қазақстан халқына адал қызмет етуге, өз еліңнің мемлекеттілігі мен дүниежүзілік қоғамдастықтағы беделін нығайта беруге салтанатты түрде ант беремін. Ант етемін."

2. Үкімет мүшелерінің антын Республика Президенті өзі белгілейтін тәртіппен қабылдайды."

5. 4-бап мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Республиканың жаңадан сайланған Президентінің алдында өкілеттігін доғару Үкіметтің жаңадан сайланған Мемлекет басшысының атына жолданған және Үкімет мүшелері қол қойған жазбаша өтініш беру арқылы жүзеге асырылады.

Өкілеттікті доғару туралы өтініш жаңадан сайланған Мемлекет басшысы қызметке ресми кіріскеннен кейін беріледі.

Үкіметтің өкілеттігін доғаруы оның мүшелерінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді."

6. 5-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:  
"Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған  
Үкімет мүшелері де орнынан түседі."

7. 6-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей  
отырған Үкімет мүшелері атқарып келген қызметінен босатылуға тиіс."

8. 7-бапта:

1-тармақтағы ", егер Үкіметтің жаңа құрамы Үкіметтің алдыңғы құрамының  
Бағдарламасын қолдаса, аталған Бағдарламаны қолдауы және жаңа Үкіметтің оны  
өз қызметінде басшылыққа алу ниеті туралы мәлімдеме" деген сөздер алып  
тасталсын;

2-тармақта:

орыс тіліндегі мәтінге қосылған "дауысымен" деген сөз қазақ тіліндегі  
мәтінде бұрыннан бар;

"жүзеге асырылуы мүмкін" деген сөздерден кейін "және Үкіметке  
сенімсіздік вотумының білдірілгенін көрсетеді." деген сөздермен толықтырылсын.

9. 9-бапта:

2) тармақшада "әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық" деген  
сөздер алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Республика Президенті белгілейтін тәртіппен республикалық бюджетті  
әзірлеу мен оны өзгертуге қатысады, Парламентке республикалық бюджетті және  
оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз  
етеді;"

8) тармақшада "Қазақстан Республикасының аумағында" деген сөздер алып  
тасталсын;

15), 17) тармақшалар алып тасталсын;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) өзіне Конституция, заңдар және Президент актілері жүктеген өзге де  
функцияларды орындайды."

10. 10-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:  
"Премьер-Министрдің өкімдері әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке-дара сипаттағы мәселелер бойынша шығарылады."

11. 11-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Үкімет мүшелері өз құзыретінің шегінде өз бетінше шешім қабылдайды, Республика Премьер-Министрінің алдында өздеріне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы немесе өздеріне тапсырылған жұмыс аясы үшін дербес жауап береді."

12. 12-баптың 1-тармағында:

2) тармақшадағы "мемлекеттік комитеттердің" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшадағы "әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық" деген сөздер алып тасталсын.

13. 13-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "мемлекеттік комитеттердің" деген сөздер алып тасталсын.

14. 14-бапта:

баптың тақырыбындағы "мемлекеттік комитеттермен" деген сөздер алып тасталсын;

1) тармақшадағы "мемлекеттік комитеттердің" деген сөздер алып тасталсын;

"бақылайды" деген сөз "қамтамасыз етеді" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) министрлердің және өзге де орталық атқарушы органдар басшыларының ұсынуы бойынша министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдар туралы ережелерді, сондай-ақ олардың аумақтық органдарының және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің штат санының лимиттерін бекітеді;"

3) тармақшада:

"мемлекеттік комитеттер" деген сөздер алып тасталсын;

"орталық атқарушы органдар" деген сөздерден кейін "сондай-ақ ведомстволар" деген сөздермен толықтырылсын";

5) тармақшада:

"мемлекеттік комитеттер төрағаларының" деген сөздер алып тасталсын;

"бұған Республика Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орталық атқарушы органдар басшыларының орынбасарлары енбейді;" деген сөздермен толықтырылсын.

15. 15-бапта:

баптың тақырыбындағы, 1) және 3) тармақшалардағы "Республика" деген сөз алып тасталсын, қазақша мәтінде сөздерді байланыстыратын тәуелділік жалғауы сәйкестендірілсін;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тиісті орталық атқарушы органдар басшыларының ұсынуы бойынша ведомстволардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің штат санының лимиттерін бекітеді;"

3) тармақшадағы "мемлекеттік комитеттер төрағаларының" деген сөздер алып тасталсын.

16. 19-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшадағы "Премьер-Министрдің орынбасарлары мен" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшада:

"мемлекеттік комитеттермен", "Үкімет аппаратының басшысы", "мемлекеттік комитет төрағасы", "мемлекеттік комитет төрағасын" деген сөздер алып тасталсын, осы тармақша "министрді", деген сөзден кейін "оның ішінде Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған министрді," деген сөздермен толықтырылсын.

17. 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Премьер-Министрдің орынбасарлары және Республика Үкіметінің өзге де мүшелері

1. Премьер-Министрдің орынбасарлары өз қызметін Республиканың Премьер-Министрі белгілейтін міндеттердің бөлінуіне сәйкес жүзеге асырады.

2. Министрліктердің және өзге де орталық атқарушы органдардың басшылары болып табылатын Үкімет мүшелері:

- 1) тиісті мемлекеттік органдарға басшылықты жүзеге асырады;
- 2) өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербес болады;
- 3) Республика Премьер-Министрінің алдында өздеріне бағынышты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін дербес жауап береді;
- 4) тиісті мемлекеттік органдардың қарауындағы мемлекеттік басқару саласындағы (аясындағы) істің жайына және заңдардың, Қазақстан Республикасының Президентімен Үкіметі актілерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін жауап береді;

5) өздері басқаратын мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің құрылымын және штат санын осы органдардың Республика Үкіметі бекіткен штат саны лимитінің шегінде белгілейді.

3. Министрліктердің және өзге де орталық атқарушы органдардың басшылары болып табылмайтын Үкімет мүшелері өз қызметін олар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ережелерге сәйкес жүзеге асырады."

18. 21-бап алып тасталсын.

19. 22-бапта:

баптың тақырыбындағы "мен мемлекеттік комитеті" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Министрлікті Республика Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Республика Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.";

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Министрлік Республика Үкіметінің құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша өз құзыреті шегінде шешімдерді өз бетінше қабылдауға өкілетті.

## 2-2. Министрліктің құрылымын тиісті министр бекітеді.

Министрліктің құрылымдық бөлімшелері ведомстволар, департаменттер мен басқармалар болып табылады.";

### 3-тармақта:

"мемлекеттік комитеттің", "мемлекеттік комитет төрағасының", "мемлекеттік комитет төрағасы" деген сөздер алып тасталсын;

"Алқаның" деген сөзден кейін "сандық және адам" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы "мемлекеттік комитет", "мемлекеттік комитеттің төрағасының қолы қойылған Республика мемлекеттік комитетінің қаулыларымен" деген сөздер алып тасталсын.

## 20. 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Үкімет құрамына енбейтін орталық атқарушы орган

1. Республика Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Республика Президенті құратын, қайта ұйымдастыратын және тарататын Қазақстан Республикасының агенттігі Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Агенттік тиісті мемлекеттік басқару саласына (аясына) басшылықты, сондай-ақ заңдарда белгіленген шектерде салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқару және рұқсат беру міндеттерін жүзеге асырады.

3. Агенттіктің құрылымын оның басшысы - төраға бекітеді және, әдетте, департаменттер мен басқармалардан тұрады.

4. Агенттік төрағасының жанынан алқа құрылады, ол консультациялық-кеңесші орган болып табылады. Алқаның сан және адам құрамын агенттіктің төрағасы бекітеді.

5. Агенттік төрағасының бұйрықтары агенттіктің актілері болып табылады."

## 21. 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Орталық атқарушы органның ведомствосы

1. Республиканың орталық атқарушы органының комитеті ведомство болып табылады.



Ведомствоның аумақтық бөлімшелері болуы мүмкін.

2. Ведомствоны тиісті орталық атқарушы орган басшысының ұсынуымен Республика Үкіметі құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

3. Ведомство Республиканың орталық атқарушы органы құзыретінің шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау міндеттерін, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың ішкі саласын (аясын) салааралық үйлестіруді не оған басшылықты жүзеге асырады.

4. Ведомство шығаратын актінің нысаны ведомство басшысының бұйрығы болып табылады.

5. Ведомствоның құрылымын, құзыретін және басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының тәртібін Үкімет белгілейді."

22. 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Республика Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдық-құқықтық жағынан қамтамасыз ету

1. Республика Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдық-құқықтық жағынан қамтамасыз етуді Республика Премьер-Министрінің Кеңсесі жүзеге асырады.

2. Премьер-Министрдің Кеңсесін құру, қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі, Премьер-Министр Кеңсесі басшысының және оның өзге де мемлекеттік қызметшілерінің құқықтық жағдайы, оларды қызметке тағайындау мен қызметтен босатудың тәртібі Республика заңдарымен белгіленеді."

**Қазақстан Республикасының  
Президенті**